

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2022 жылдың 03 қарашасындағы
№ 126 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2022 жылдың 04 қарашасынан бастап
қолданысқа енгізілді

Клирингтік қорлардың мөлшерін анықтау ӘДІСТЕМЕСІ

Осы Клирингілік қорлардың мөлшерін анықтау және бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне¹, Клирингілік ұйымның тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптар, клирингілік ұйымдағы тәуекелдерді мониторингілеу, бақылау және басқару шарттары мен тәртібіне², Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптар, орталық контрагенттің тәуекелдерін мониторингілеу, бақылау және басқару шарттары мен тәртібіне³ және Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері (бұдан әрі – Клирингілік ережелер) атты "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжатына сәйкес әзірленіп, орталық контрагенттің клирингілік резервтік немесе кепілдік қорларының мөлшерін анықтау және бағалау тәртібін белгілейді..

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістемеді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Клирингілік ережелерде және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылады.
2. Осы Әдістеме, анықтау және бағалау тәртібі Клирингілік ережелермен және Биржаның "Клирингілік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу жөніндегі нұсқаулық" атты ішкі құжатымен бекітілген мүліктік пулдың кепілдік қорларын қоспағанда, Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын нарықтарда қалыптастырылған клирингілік қорлар (бұдан әрі – клирингілік қорлар) мөлшерлерінің жеткіліктілігін анықтау және бағалау үшін пайдаланылады.
3. Клирингілік қорлар мөлшерлерінің жеткіліктілігін анықтау және бағалау клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізу үшін іріктеудің тарихи кезеңі үшін Биржаның аудиттелген есеп берушілігі жарияланған күннен бастап күнтізбелік айдан кешіктірілмейтін мерзімде (бұдан әрі – есепті кезең) есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша жыл сайын жүзеге асырылады.
4. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін анықтау және бағалау шеңберінде:
 - 1) Биржаның орталық контрагент ретінде өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ететін ең маңызды тәуекел факторларын анықтау;
 - 2) әрбір жеке биржалық нарық бойынша клирингілік қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылатын клирингілік кепілдік қорларының жеткіліктілігінің мониторингі;
 - 3) Биржаның меншікті қаражаты есебінен қалыптастырылатын клирингілік резервтік қорлардың жеткіліктілігінің мониторингі.
5. Биржаның орталық контрагент ретінде өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ететін неғұрлым елеулі тәуекел-факторларды анықтау осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес жүзеге асырылады.
6. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігіне мониторинг осы Әдістеменің 4 тарауына сәйкес жүзеге асырылады.
7. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігі мониторингінің нәтижелері бойынша Биржа Биржаның тәуекелдерін басқаруға бағытталған және мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін шараларды қолданысқа енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін:
 - 1) клирингілік қатысушыларды маржалық қамтамасыз ету мөлшеріне және/немесе

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген.

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы № 59 қаулысымен бекітілген.

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 11 қаулысымен бекітілген.

- клирингілік қатысушыларды маржалық қамтамасыз ету шамасын анықтау тәсіліне қойылатын талаптарды ұлғайту;
- 2) резервтік қорлардың көлемін ұлғайту және/немесе бір немесе бірнеше нарықтардағы резервтік қорлардың мөлшерін анықтау тәсілдерін қайта қарау;
 - 3) кепілдік қорына жарналар мөлшерін ұлғайту және/немесе кепілдік қорына жарналар мөлшерін анықтау тәсілдерін қайта қарау;
 - 4) Биржа тәуекелдерін төмендетуге бағытталған өзге де шаралар.
8. Биржа мынадай жағдайларда Биржаның нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынымы негізінде қабылданған Биржа Басқармасының шешімі негізінде клирингілік қорлар мөлшерлерінің жеткіліктілігіне кезектен тыс бағалау жүргізуге құқылы:
- 1) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің нысанасы болып табылатын, бағалардың құбылмалылығы және/немесе құралдардың өтімділігі айтарлықтай ұлғайған кезде;
 - 2) клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарының шоғырлануы едәуір ұлғайған кезде;
 - 3) өзге жағдайларда Биржа Басқармасының жеке шешімі негізінде.
9. Орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің мәні болып табылатын, бағаның құбылмалылығын жоғарылату және/немесе құралдардың өтімділігін төмендету критерийлері және / немесе осы Әдістеменің 8 тармағында көрсетілген клирингілік қатысушылардың нетто-позицияларының шоғырлануын арттыру критерийлері Комитеттің шешімі негізінде белгіленеді.
10. Осы Әдістеменің 8 тармағының 1) және 2) тармақшаларында анықталған оқиғалар туындаған кезде клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезектен тыс бағалау үшін іріктеме қалыптастыру көрсетілген шарттар туындаған күннен кейінгі күнгі жағдай бойынша жүзеге асырылады, клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалау Биржа Басқармасы жеткіліктілікті кезектен тыс бағалау туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір күнтізбелік айдан кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.
11. Осы Әдістеменің 8 тармағының 3) тармақшасында анықталған оқиғалар туындаған кезде клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезектен тыс бағалау Биржа Басқармасының жеке шешімінде анықталған күнгі жағдай бойынша жүзеге асырылады.
12. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезектен тыс бағалау клирингілік қорлардың жеткіліктілігін алдыңғы бағалауды жүргізу мерзіміне қарамастан жүргізіледі және келесі кезекті бағалауды жүргізуді жоймайды.
13. Клирингілік қорлардың мөлшерін бағалау үшін қажетті параметрлерді есептеу үшін (бұдан әрі – статистикалық параметрлер) Биржа биржалық нарықтарда белгіленген тәуекел-параметрлер, клирингілік қатысушылар жасасатын мәмілелер, клирингілік қатысушылардың шоттарында қолжетімді қамтамасыз ету туралы ақпаратты, сондай-ақ есепті кезеңнен кейінгі жылдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Биржаның аудиттелген есеп берушілігін пайдаланады.
14. Клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізу кезінде статистикалық параметрлерді бағалау үшін пайдаланылатын базалық іргелі параметрлер болып табылады:
- 1) бір күнтізбелік жылға тең есепті кезең;
 - 2) әрбір биржалық нарықтағы төтенше жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңі он жылға тең;
 - 3) сенім деңгейі кемінде 99 %;
15. Комитет базалық іргелі параметрлерден өзгеше, бірақ осы Әдістеменің 14 тармағында белгіленгеннен кем емес іргелі параметрлерді белгілей алады.
16. Қаралып отырған кезеңде қажетті деректер болмаған кезде Биржа ұқсас параметрлері бар өзге де қолда бар деректер бойынша клирингілік қорлардың мөлшерін бағалауды жүргізуге

құқылы.

17. Есептелген мәндер математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес дөңгелектенеді (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін артады):
 - 1) статистикалық параметрлер: үтірден кейін екі таңбаға дейін;
 - 2) кепілдік қорларына клирингілік қатысушылардың қосымша жарналарының мөлшері, сондай-ақ резервтік қорларға Биржаның қосымша жарналарының мөлшері: 500 мың теңгеге дейін.

2 тарау. ЕҢ МАҢЫЗДЫ ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫН АНЫҚТАУ

18. Биржаның орталық контрагент ретінде өз міндеттемелерін орындау қабілетіне елеулі әсер ететін нарықтық тәуекел факторлары (бұдан әрі – тәуекел факторлары) қаржы құралдарының есептесу бағасының өзгеруі болып табылады.
19. Тәуекел-факторларды анықтау тарихи деректер негізінде әрбір жеке биржалық нарықтың қаржы құралдары топтары бөлінісінде жүзеге асырылады:
 - 1) есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша кезекті қайта қарау кезінде;
 - 2) Биржа Басқармасының жеке шешімінде анықталған күнгі жағдай бойынша кезектен тыс қайта қарау кезінде.
20. Тәуекел факторларын анықтау келесі тәсілдерді ескере отырып жүзеге асырылады:
 - 1) тарихи сценарийлерді анықтау үшін әрбір биржалық нарықтағы төтенше жағдайларды бағалаудың Комитет белгілеген тарихи кезеңіндегі тәуекел факторларының мәндері туралы деректер пайдаланылады;
 - 2) тарихи сценарийлерді анықтау кезінде клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізу күніндегі экономикалық жағдайды ескере отырып, шындыққа жанаспайтын экстремалды жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңіндегі оқиғалар көрсетіледі;
 - 3) гипотетикалық сценарийлер тарихи сценарийлер негізінде экстремалды жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңінде орын алған міндетті түрде өзара байланысты емес жеке факторлардың жиынтығы ретінде, сондай-ақ төтенше жағдайларда мүмкін болатын қауіп факторларының өзгеруі туралы басқа ақпаратты ескере отырып анықталады;
 - 4) сценарийлерді қалыптастыру үшін Тәуекел-параметрлерді анықтау әдістемесіне сәйкес нарықтық тәуекел мөлшерлемелерін анықтау үшін белгіленген тәуекелдерді бағалау шектері ішінде күтілетін нарықтық конъюнктураның өзгеруі нәтижесінде тәуекел-факторлардың мәндерінің өзгеруі анықталады;
 - 5) нақты сценарийлердің рұқсат етілген жиынтығын бөліп көрсету үшін гипотетикалық сценарийлердің шекті диапазондары тәуекелдерді бағалау шектерін ескере отырып анықталады;
 - 6) тәуекел факторларын анықтау үшін барлық қаржы құралдары келесі шарттар сақталған кезде топтарға бөлінеді:
 - әр түрлі валютада бағасы белгіленетін қаржы құралдары әр түрлі топтарға жатады;
 - пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал әр түрлі топтарға жататын қаржы құралдары пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал емес басқа қаржы құралдарымен бір топқа біріктірілмейді;
 - 7) қаржы құралдарының топтары ретінде эмитенттер мен келесі түрлер бойынша қаржы құралдарын бөлу қолданылады:
 - Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (бұдан әрі – МБҚ) - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе жергілікті атқарушы органдар шығарған, талданатын кезеңде Биржаның ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;
 - халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар (бұдан әрі –

ХҚҰ БҚ);

- мемлекеттік емес бағалы қағаздар (бұдан әрі – ББҚ) – Қазақстан Республикасының эмитенттері шығарған, талданатын кезеңде сауда-саттық ашылған Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздар (ХҚҰ БҚ қоспағанда).

21. Базалық іргелі параметрлер негізінде немесе Комитет белгілеген іргелі параметрлер негізінде тәуекел факторларын анықтау процесінде Комитет тиісті шешім қабылдаған жағдайда әрбір жеке қаржы құралы бойынша іріктелімдер қалыптастырылады:

- 1) формула бойынша $T - (T-1)$ және $T - (T-2)$ сауда-саттық күндері арасындағы қаржы құралдарының есептесу бағасының салыстырмалы өзгерістері:

$$\Delta P_T = \max \left\{ \left| \frac{P_T - P_{T-1}}{P_{T-1}} \right|; \left| \frac{P_T - P_{T-2}}{P_{T-2}} \right| \right\},$$

мұнда

ΔP_T – қалыптасқан іріктелімнің мәні – сауда-саттық күніндегі есептесу бағаның $T-1$ сауда-саттық күніндегі есептесу бағадан және үлестік мәндегі $T-2$ сауда-саттық күніндегі есептесу бағаның абсолютті өзгеруі;

\max – жақшада көрсетілгендердің ең үлкен мәнді анықтайтын математикалық функция;

P_T – T сауда-саттық күніндегі есеп айырысу бағасы;

P_{T-1} – $T-1$ сауда-саттық күніндегі есеп айырысу бағасы;

P_{T-2} – $T-2$ сауда-саттық күніндегі есеп айырысу бағасы;

- 2) формула бойынша кірістілік түріндегі есептесу бағалардың абсолютті өзгерістері:

$$\Delta P_T^* = \max \{ |P_T^* - P_{T-1}^*|; |P_T^* - P_{T-2}^*| \},$$

мұнда:

ΔP_T^* – қалыптастырылатын іріктелімнің мәні – сауда-саттық күніндегі кірістілік түріндегі есептесу бағаның салыстырмалы өзгеруі $T-1$ сауда-саттық күніндегі есептесу бағадан және $T-2$ сауда-саттық күніндегі есептесу бағадан үлестік мәнде;

\max – жақшада көрсетілгендердің ең үлкен мәнді анықтайтын математикалық функция;

P_T^* – T сауда-саттық күніндегі есеп айырысу бағасы;

P_{T-1}^* – $T-1$ сауда-саттық күніндегі есеп айырысу бағасы;

P_{T-2}^* – $T-2$ сауда-саттық күніндегі есеп айырысу бағасы.

22. Осы Әдістеменің 21 тармағына сәйкес алынған іріктемелердің негізінде бір топтың қаржы құралдары арасында тәуекел-факторлардың ықтимал өзгерістерінің сценарийлері қалыптастырылатын экстремалды жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңінде қаржы құралдарының әрбір жеке тобы бойынша ΔP_{\max} есептесу бағасының ең үлкен өзгерістері анықталады.

23. Әрбір биржалық нарық үшін тәуекел факторларының біреуінің немесе бірнешеуінің тарихи және гипотетикалық өзгерістерін (сценарийлерін) талдау негізінде Биржа клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін бағалау үшін қолданылатын ең ықтимал және маңызды сценарийлерді анықтайды.

24. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезекті немесе кезектен тыс бағалау кезінде пайдаланылатын сценарийлер Комитеттің шешімімен бекітіледі.

3 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МАКСИМАЛДЫ ОРТАША КҮНДІК ШЫҒЫНДАРЫН АНЫҚТАУ

25. Есепті кезеңдегі әрбір Т есеп айырысу күнінің қорытындылары бойынша белгілі бір биржалық нарықты "жартылай қамтамасыз етілген" санатындағы әрбір k клирингілік қатысушы бойынша, осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес барлық ашық жайғасымдар және барлық қаржы құралдары бойынша барлық сауда-клирингілік шоттарда мынадай тәртіпке сәйкес қалыптастырылған, ΔP_{\max} тәуекел факторларының өзгеру сценарийлерін (бұдан әрі – ΔP_{\max} сценарийлері) іске асыру кезінде ықтимал жабылмаған шығындардың жиынтық сомалары есептеледі:

1) әрбір сауда-клирингілік шот үшін ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде ықтимал шығындардың сомасы формула бойынша анықталады:

$$\text{Loss}_{T,k,j} = (\Delta P_{\max, \text{ФИ1}} * \text{abs}(\text{ОП}_{\text{ФИ1},k,j}) + \Delta P_{\max, \text{ФИ2}} * \text{abs}(\text{ОП}_{\text{ФИ2},k,j}) + \dots + \Delta P_{\max, \text{ФИm1}} * \text{abs}(\text{ОП}_{\text{ФИm1},k,j}))$$

мұнда:

abs – жақшада көрсетілген сандардың модулін есептейтін, математикалық функция;

$\text{ОП}_{\text{ФИ},k,j}$ – сауда-саттық күнінің соңындағы жағдай бойынша клирингілік қатысушы жасаған бір типті қаржы құралымен мәмілелер нәтижесінде туындаған j-ші сауда-клирингілік шот бойынша бір типті қаржы құралы бойынша барлық талаптар мен міндеттемелер бойынша k-ші клирингілік қатысушы бойынша ашық нетто-жайғасым сомасы;

$\Delta P_{\max, \text{ФИ}}$ – аталған қаржы құралы кіретін топ үшін осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес қалыптастырылған сценарийді іске асыру кезінде қаржы құралының құнын өзгерту;

k – клирингілік қатысушының реттік нөмірі;

j – есеп айырысу күні ашық нетто-жайғасымдар бар сауда-клирингілік шоттың нөмірі.

2) әрбір сауда-клирингілік шот үшін теңгемен көрсетілген теңгемен көрсетілген сценарийлерді іске асыру кезінде енгізілген қамтамасыз ету сомасы формула бойынша анықталады:

$$\text{O}_{T,k,j,\Delta P_{\max}} = (1 - \Delta P_{\max, \text{ФИ1}}) \times \text{O}_{\text{ФИ1},k,j} + (1 - \Delta P_{\max, \text{ФИ2}}) \times \text{O}_{\text{ФИ2},k,j} + \dots + (1 - \Delta P_{\max, \text{ФИm2}}) \times \text{O}_{\text{ФИm2},k,j}$$

мұнда

$\text{O}_{\text{ФИ},k,j}$ – Т сауда-саттық күнінің соңындағы жағдай бойынша көрсетілген клирингілік қатысушының j-ші сауда-клирингілік шоты бойынша бір типті қаржы құралында k-ші клирингілік қатысушының енгізген қамтамасыз ету сомасы;

3) әрбір сауда-клирингілік шот үшін ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде ықтимал жабылмаған шығындардың сомасы формула бойынша анықталады:

$$\text{ULoss}_{T,k,j} = \begin{cases} 0, & \text{если } \text{O}_{T,k,\Delta P_{\max}} - \text{Loss}_{T,k,j} \geq 0 \\ \text{O}_{T,k,\Delta P_{\max}} - \text{Loss}_{T,k,j}, & \text{если } \text{O}_{T,k,\Delta P_{\max}} - \text{Loss}_{T,k,j} < 0 \end{cases}$$

4) әрбір клирингілік қатысушы үшін оның барлық сауда-клирингілік шоттары бойынша ΔP_{\max} сценарийлерін сату кезінде өтелмеген ықтимал шығындардың жиынтық сомасы Т сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша формула бойынша анықталады:

$$\text{ULoss}_{T,k} = \text{ULoss}_{T,k,j1} + \text{ULoss}_{T,k,j2} + \dots + \text{ULoss}_{T,k,jl}$$

26. Белгілі бір биржалық нарықты "жартылай қамтамасыз етілген" санатындағы әрбір k-ші клирингілік қатысушы үшін есепті кезеңдегі ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде ықтимал жабылмаған шығындардың ең жоғары жиынтық сомасы формула бойынша есептеледі:

$$\text{ULoss}_{\max,k} = \max(\text{ULoss}_{T1,k}; \text{ULoss}_{T2,k}; \dots; \text{ULoss}_{Tf,k}),$$

мұнда:

\max – сандық тізбектің максималды мәнін анықтайтын математикалық функция.

27. Клирингілік қатысушылардың N максималды шығындарының сомасы келесі алгоритмге сәйкес анықталады:

- 1) "жартылай қамтамасыз етілген" санатындағы клирингілік қатысушылардың барлық іріктемесі бойынша есепті кезеңдегі ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде ықтимал жабылмаған шығындардың максималды жиынтық сомасының ең жоғары мәнделері бар клирингілік қатысушылардың N анықталады;
- 2) клирингілік қатысушылардың N максималды шығындарының сомасы ΔP_{\max} сценарийлерді іске асыру кезінде көрсетілген клирингілік қатысушылар бойынша ықтимал жабылмаған шығындардың максималды жиынтық сомасының ең жоғары мәнделерінің сомасы ретінде анықталады:

$$ULossN_{\max} = ULoss_{\max,k1} + ULoss_{\max,k2} + \dots + ULoss_{\max,kN},$$

мұнда:

N – қарастырылып отырған нарықтағы ең ірі қатысушылардың саны. Клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалау мақсатында көрсетілген параметр әдепкі бойынша екіге тең болып анықталады. Қосымша талдау үшін жүргізілген талдаудың мақсаттарына байланысты көрсетілген параметрдің өзге мәні белгіленуі мүмкін.

4 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚОРЛАРДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

28. Клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізу үшін Биржа осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес анықталған сценарийлер негізінде мынадай негізгі көрсеткіштерді есептеуді жүзеге асырады:

- 1) жекелеген биржалық нарықтар үшін клирингілік қорлардың шығындарын жабу коэффициенті;
- 2) жекелеген биржалық нарықтар үшін кепілдік қорларының жеткіліктілік коэффициенттері;
- 3) жеке биржалық нарықтар үшін резервтік қорлардың жеткіліктілік коэффициенттері.

29. Осы Әдістеменің 28 тармағында көзделген негізгі көрсеткіштер мынадай формулаларға сәйкес анықталады:

- 1) жеке биржалық нарықтағы клирингілік қорлардың шығындар коэффициенті:

$$K_{loss} = \frac{ULossN_{\max}}{GF+RF},$$

- 2) жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік кепілдік қорының жеткіліктілік коэффициенті:

$$K_{GF} = \frac{GF}{ULossN_{\max}},$$

- 3) жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік резервтік қордың жеткіліктілік коэффициенті:

$$K_{RF} = \frac{RF}{ULossN_{\max}},$$

мұнда:

$ULossN_{\max}$ – жеке биржалық нарықтағы N клирингілік қатысушылардың максималды шығындарының сомасы;

GF – есепті күнге қалыптастырылған жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік кепілдік қоры;

- RF – есепті күнге қалыптастырылған жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік резервтік қор.
30. Есепті күндегі жағдай бойынша жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған клирингілік қорлар аталған биржалық нарықта клирингілік қорлардың шығын коэффициенті 1 (бір) аспайтын шаманы құраған жағдайда жеткілікті деп танылады.
31. Есепті күндегі жағдай бойынша жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік қорлардың шығындарын жабу коэффициенті 1 (бір) мәннен асып кеткен жағдайда:
- 1) есепті күндегі жағдай бойынша жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған клирингілік қорлардың шамасы жеткіліксіз деп танылады;
 - 2) клирингілік қорларды келесі көздердің біреуі немесе бірнешеуі есебінен толықтыру талап етіледі:
 - клирингілік қатысушылардың көрсетілген биржалық нарықтың кепілдік қорына қосымша жарналары;
 - аталған биржалық нарықтың резервтік қорын Биржаның меншікті қаражаты есебінен толықтыру.
32. Клирингілік қорларды толықтыру көздерін анықтау үшін кепілді қорлардың жеткіліктілік коэффициенті және көрсетілген биржалық нарық үшін резервтік қорлардың жеткіліктілік коэффициенті есептеледі.
33. Кепілді қорлардың жеткіліктілігі коэффициентінің және жекелеген биржалық нарық үшін резервтік қорлардың жеткіліктілігі коэффициентінің талап етілетін мәндері Биржа Басқармасы белгілейтін кепілді және резервтік қорлардың көрсетілген биржалық нарықтағы жиынтық клирингілік қорлардағы үлестерін негізге ала отырып мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$W_{GF} = 1 - W_{\text{market}_i},$$

$$W_{RF} = W_{\text{Market}_i},$$

мұнда:

- W_{Market_i} – көрсетілген биржалық нарықтағы жиынтық клирингілік қорлардағы резервтік қордың үлесі басқарма шешімінің негізінде 0.08-ден 0.5-ке дейінгі диапазонда белгіленеді;
34. Жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған кепілді қорлардың шамасы көрсетілген биржалық нарықта кепілді қорлардың жеткіліктілік коэффициенті көрсетілген биржалық нарықта кепілді қорлардың жеткіліктілік коэффициентінің талап етілетін мәнінен төмен емес шаманы құраған жағдайда жеткілікті деп танылады.
32. Клирингілік қатысушылардың аталған биржалық нарықтың кепілдік қорына қосымша жарналар енгізуіне қажеттілік кепілді қорлардың жеткіліктілігі коэффициентінің талап етілетін мәні көрсетілген биржалық нарықтағы кепілді қорлардың жеткіліктілігі коэффициентінің есептік мәнінен асып кеткен жағдайда туындайды.
33. Жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған резервтік қорлардың шамасы көрсетілген биржалық нарықта резервтік қорлардың жеткіліктілік коэффициенті көрсетілген биржалық нарықта резервтік қорлардың жеткіліктілік коэффициентінің талап етілетін мәнінен төмен емес шаманы құраған жағдайда жеткілікті деп танылады.
34. Аталған биржалық нарықтың резервтік қорын Биржаның меншікті қаражаты есебінен толықтыруға қажеттілік резервтік қорлардың жеткіліктілігі коэффициентінің талап етілетін мәні көрсетілген биржалық нарықтағы резервтік қорлардың жеткіліктілігі коэффициентінің есептік мәнінен асып кеткен жағдайда туындайды.
35. Кепілдік қорына клирингілік қатысушылардың қосымша жарналарының сомасы, сондай-ақ Биржаның резервтік қорға өз қаражатының қосымша жарнасының сомасы осы Әдістеменің 5 тарауына сәйкес анықталады.

5 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚОРЛАРҒА ҚОСЫМША ЖАРНАЛАРДЫҢ МӨЛШЕРІН ЕСЕПТЕУ

36. Клирингілік қатысушылардың белгілі бір биржалық нарықтың кепілдік қорына енгізуіне талап етілетін клирингілік қатысушылардың қосымша жарналарының мөлшері мынадай ретпен анықталады:

- 1) "жартылай қамтамасыз етілген" санатындағы әрбір k клирингілік қатысушысы үшін есепті кезеңде осы Әдістеменің 25 тармағының 4) тармақшасына сәйкес анықталған ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде өтелмеген ықтимал шығындардың орташа күндік сомасы мына формула бойынша есептеледі:

$$ULoss_{avg,k} = \frac{(ULoss_{T1,k} + ULoss_{T2,k} + \dots + ULoss_{Tf,k})}{T_F},$$

мұнда T_F – есепті кезеңдегі есеп айырысу күндерінің саны;

- 2) "жартылай қамтамасыз етілген" санатындағы әрбір k клирингілік қатысушысы үшін формула бойынша кепілдік қорына максималды қосымша жарнаның сомасы анықталады:

$$AddMGV_k = \begin{cases} 0, & \text{если } ULoss_{avg,k} \leq GV_k \\ ULoss_{avg,k} - GV_k, & \text{если } ULoss_{avg,k} > GV_k \end{cases},$$

мұнда

GV_k – "жартылай қамтамасыз етілген" санатындағы k-клирингілік қатысушының ағымдағы мөлшері;

- 3) барлық клирингілік қатысушылар бойынша кепілдік қорына ең жоғары қосымша жарналардың жиынтық сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$AddMGV = AddMGV_{k1} + AddMGV_{k2} + \dots + AddMGV_{kn}$$

- 4) "жартылай қамтамасыз етілген" санатындағы әрбір k клирингілік қатысушысы үшін кепілдік қорына талап етілетін қосымша жарнаның сомасы формула бойынша анықталады:

$$AddGV_k = \begin{cases} \frac{AddMGV_k}{AddMGV} \times (w_{GF} \times ULoss_{N_{\max}} - GF), & \text{если } (w_{GF} \times ULoss_{N_{\max}} - GF) \leq AddMGV \\ AddMGV_k, & \text{если } (w_{GF} \times ULoss_{N_{\max}} - GF) > AddMGV \end{cases}.$$

37. Белгілі бір биржалық нарықтың кепілдік қорына енгізуге талап етілетін клирингілік қатысушылардың қосымша жарналарының мөлшері клирингілік қатысушылардың кредиттік тәуекелін ескере отырып, Биржа Басқармасының шешімі негізінде түзетілуі мүмкін.

38. Белгілі бір marketj биржалық нарықтағы резервтік қорға Биржаның қосымша жарнасының мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$AddGR_k = \begin{cases} (w_{RF} \times ULoss_{N_{\max}} - RF)_{market_j} \\ \min \left(\sum_{market_j} (w_{RF} \times ULoss_{N_{\max}} - RF)_{market_j}; NettoProfit \right) \end{cases}$$

мұнда

min – жақшада көрсетілген ең кіші мәндерді анықтайтын математикалық функция;

NettoProfit – есепті кезеңдегі Биржаның таза пайдасы.

39. Кепілдік және (немесе) резервтік қорларға қосымша жарналарды ескере отырып, клирингілік қорлардың жеткіліктілігін анықтау мақсатында толықтыруға сомалардың есептік мәндерін ескеретін клирингілік қорлардың шығындарын жабу коэффициентін қайта есептеу жүзеге асырылады.

40. Клирингілік қорларға қосымша қаражаттың жоспарланатын жарналарына қарамастан, жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік қорлардың шығын коэффициенті 1 (бір)-ден кем шаманы құрайтын жағдай сақталған жағдайда, Биржа Басқармасы Директорлар кеңесінің қарауына көрсетілген шараларды қоса алғанда, осы Әдістеменің 7-тармағында көрсетілген, бірақ олармен шектелмей, талап етілетін көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған шараларды қабылдау туралы ұсыныс енгізеді.

6 тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

40. Осы Әдістемеге өзгерістер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуіне Биржаның клирингілік бөлімшесі жауапты болады.
41. Осы Әдістеме қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

А. Ө. Алдамберген